

**"Риддер қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі"  
мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 18 қарашадағы № 474 қаулысы

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 40-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 124-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына сәйкес, Риддер қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Риддер қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Риддер қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 11 қазандағы № 967 "Риддер қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысының күші жойылсын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Риддер қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Риддер қаласының әкімі*

*Д. Рахметкалиев*

Риддер қаласы әкімдігінің  
2024 жылғы " 18 " қараша  
№ 474 қаулысына  
қосымша

**"Риддер қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже**

**1. Жалпы ережелер**

1. "Риддер қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мекеме) Риддер қаласының аумағында ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Мекеме Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес өз қызметін жүзеге асырады.

3. Мекеме мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртаңбасы, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Мекеме азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Мекеме, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Мекеме өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Мекеме басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Мекеменің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 071300, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 3А.

9. Осы Ереже "Риддер қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

10. Мекеменің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Риддер қаласының жергілікті бюджетінен жүзеге асырылады.

11. Мекемеге "Риддер қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады. Егер мекемеге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## **2. Міндеттері мен өкілеттіктері**

12. Мекеменің міндеттері:

1) әлеуметтік-экономикалық, мәдени және қоғамдық-саяси салаларда мемлекеттік саясаттың түйінді басымдықтарын іске асыру;

2) мекеменің құзыретіне жататын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің, облыс (қала) әкімінің актілері мен тапсырмаларының орындалуын қамтамасыз ету;

3) қалада Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясының, Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарының, Президенттің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларының, мемлекеттік және салалық бағдарламалардың және басқа да стратегиялық құжаттардың негізгі басымдықтарын түсіндіруді және насихаттауды қамтамасыз ету;

4) қаладағы ішкі саяси процестерді және олардың даму үрдістерін зерделеуді және талдауды қамтамасыз ету;

5) азаматтық қоғам институттарымен, қала жұртшылығының өкілдерімен өзара іс-қимыл жасау;

6) мемлекеттік ақпараттық саясат және бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингі мәселелері бойынша жұмысты қамтамасыз ету;

7) мәдени-ағарту және спорт мекемелерінің, өнер ұйымдарының идеялық-адамгершілік, эстетикалық, спорттық тәрбие мен тілдерді дамытудағы рөлін арттыруды қамтамасыз ету;

8) халыққа мәдени қызмет көрсету нысандарын одан әрі жетілдіру;

9) өнердің, халық шығармашылығының, фольклордың және көркемөнерпаздардың, дене шынықтыру мен спорттың барлық түрлерін дамыту;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін шығармашылық одақтар мен ұйымдардың қызметіне жәрдемдесу;

11) материалдық-техникалық ұйымдар мен мәдениет және спорт мекемелерін нығайту және жаңарту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

12) мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының тілдерін дамыту;

13) тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану.

12. Мекеменің өкілеттіктері:

1) Мекеменің құқықтары:

мекеменің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қала басшылығының қарауына ұсыныстар енгізу;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құзырет шеңберінде мекеменің қызметіне қатысты мәселелерді қарау және бірлесіп әзірлеу үшін қаланың жергілікті атқарушы органдарының басқа бөлімдерінің қызметкерлерін тарту;

Мекеменің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен кеңестер өткізуге бастамашылық жасау;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзырет шеңберінде басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан, ұйымдардан және олардың басшыларынан, азаматтардан өз функцияларын орындау үшін қажетті ақпаратты сұрату;

заңды тұлғалармен және азаматтармен шарттар жасасу, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға ие болу, сотта талапкер және жауапкер болу;

құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасау;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да құқықтар.

2) Мекеменің міндеттері:

мекеменің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңес беру;

заңды және жеке тұлғалардың бұл туралы ресми сұрау салуы жағдайында өз құзыреті шегінде және заңнама шеңберінде қажетті материалдар мен ақпаратты ұсыну;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметті жүзеге асыру;

мекеме әзірлеуші болып табылған әкімнің және әкімдіктің нормативтік құқықтық актілеріне құқықтық мониторингті жүзеге асыру және оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе олардың күші жойылды деп тану жөнінде уақтылы шаралар қабылдау;

ведомстволық бағынысты мекемелердің қызметін үйлестіру;

"Риддер қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін өзге де міндеттерді орындау.

### 13. Мекеменің функциялары:

1) қаланың атқарушы органдарының ішкі саясаттың негізгі бағыттары бойынша, оның ішінде білім беру, халықты әлеуметтік қамсыздандыру және қорғау, жұмыспен қамту, этносаралық және конфессияаралық келісім, патриоттық тәрбие және жастар саясаты, мемлекеттік рәміздерді насихаттау тілдік, ақпараттық, мәдени, гендерлік және отбасылық-демографиялық саладағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша қызметін ақпараттық-идеологиялық сүйемелдеу;

2) ішкі саяси тұрақтылықты, халық бірлігін және қоғамды шоғырландыруды қамтамасыз етуге бағытталған практикалық және өзге де шаралар кешенін іске асыру;

3) қаладағы ірі қоғамдық маңызы бар іс-шараларды, оның ішінде "Халықтар достық үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-талдамалық және ұйымдастырушылық-техникалық сүйемелдеу;

4) қаланың жергілікті атқарушы органының әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және басқа да салалардағы қызметі туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру, осы бағыттағы жұмысты жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

5) Президенттің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларын және басқа да стратегиялық құжаттарды түсіндіру және насихаттау жөніндегі ақпараттық-насихаттау топтарының қызметін ұйымдастыру, ақпараттық-насихаттау топтарын ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету;

6) саяси партиялармен, үкіметтік емес ұйымдармен, этномәдени және діни бірлестіктермен, қоғамдық ұйымдармен, кәсіптік одақтармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, ғылыми және шығармашылық қоғамдастықпен, қоғамдық пікір көшбасшыларымен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

7) мекеменің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қала әкімінің (әкімдігінің) жанында әрекет ететін консультативтік-кеңесші органдар мен жұмыс топтарының қызметін қамтамасыз ету;

8) қаладағы қоғамдық-саяси жағдайды талдау және болжау;

9) қалада мемлекеттік ақпараттық саясатты тиімді іске асыруды қамтамасыз ету, оның ішінде мемлекеттік ақпараттық тапсырысты орындау бойынша бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін әдістемелік қолдау және үйлестіру;

10) әлеуметтік маңызы бар жобаларды орындауға арналған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың тиімді іске асырылуын қамтамасыз ету, оның ішінде конкурстық рәсімдерді жүргізу және жобалардың іске асырылу барысына мониторинг жүргізу;

11) мекеменің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша концептуалды құжаттарды әзірлеуге, қала әкімі мен әкімдігінің құқықтық және нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын дайындауға қатысу;

12) мекеменің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпараттық деректер базасын қалыптастыру, жинақтау және классификациялау;

13) мекеменің құзыреті шегінде мәселелерді қарау кезінде барлық ұйымдарда мемлекет мүдделерін білдіру;

14) театр, музыка және кино өнері, кітапхана және музей дела, мәдени-демалыс жұмысы саласында облыстық маңызы бар қаланың мемлекеттік мәдениет ұйымдарын құрады, сондай-ақ олардың қызметін қолдауды және үйлестіруді жүзеге асырады;

15) жергілікті маңызы бар тарих, материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерін есепке алу, қорғау және пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастырады ;

16) қаланың ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларын, сондай-ақ әуесқой шығармашылық бірлестіктер арасында байқаулар, фестивальдар мен конкурстар өткізуді жүзеге асырады;

17) облыстық маңызы бар қаланың мемлекеттік мәдениет ұйымдарын аттестаттаудан өткізеді;

18) өз құзыреті шегінде мәдениет саласындағы коммуналдық меншікті басқаруды жүзеге асырады;

19) қаланың мамандандырылмаған балалар-жасөспірімдер мектептерінің қызметін қамтамасыз етеді;

20) облыстық маңызы бар қаланың мәдени мақсаттағы нысандарын салу, реконструкциялау және жөндеу бойынша тапсырыс беруші болады;

21) мемлекеттік мәдениет ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз етуге қолдау көрсетеді және жәрдемдеседі;

22) облыстық маңызы бар қаланың мемлекеттік кітапханаларының біріне "Орталық" мәртебесін береді;

23) мемлекеттік және басқа да тілдерді дамытуға бағытталған облыстық маңызы бар қала деңгейіндегі іс-шараларды жүргізеді;

24) қаланың атқарушы органдарына ауылдарды, кенттерді, ауылдық округтерді атау және олардың атауын өзгерту, сондай-ақ олардың транскрипциясын өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді;

- 25) жеке тұлғалардың тұрғылықты жері бойынша және олардың көпшілік демалатын орындарында спортпен шұғылдануы үшін инфрақұрылым жасайды;
- 26) спорт түрлері бойынша қаланың құрама командаларын даярлауды және олардың облыстық спорттық жарыстарда өнер көрсетуін қамтамасыз етеді;
- 27) қала аумағында бұқаралық спортты және ұлттық спорт түрлерін дамытуды қамтамасыз етеді;
- 28) қала аумағында дене шынықтыру-спорт ұйымдарының қызметін үйлестіреді;
- 29) спортшыларға: 2-разрядты спортшы, 3-разрядты спортшы, 1-жасөспірімдік разрядты спортшы, 2-жасөспірімдік разрядты спортшы, 3-жасөспірімдік спортшы спорттық разрядтар береді; біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер біліктілік санаттарын береді, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, спорт төрешісі спорттық разрядтарды береді;
- 30) спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай өңірлік күнтізбесін іске асырады;
- 31) қала аумағында спорттық іс-шараларды ұйымдастыруды және өткізуді үйлестіреді;
- 32) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша және мерзімдерде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында дене шынықтыру мен спортты дамыту жөніндегі ақпаратты жинауды, талдауды жүзеге асырады және облыстың жергілікті атқарушы органына ұсынады;
- 33) облыстық маңызы бар қаланың өңірлік және жергілікті аккредиттелген спорт федерацияларының ұсыныстары бойынша спорт түрлері бойынша құрама командалардың тізімдерін қалыптастырады және бекітеді;
- 34) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Олимпиада, Паралимпиада және Сурдлимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлерін тұрғын үймен қамтамасыз етеді;
- 35) ресми дене шынықтыру және спорттық іс-шараларды медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;
- 36) құқық қорғау органдарын тарта отырып, дене шынықтыру және спорттық іс-шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;
- 37) қала аумағында спорт ғимараттарын салу мәселелерін үйлестіреді және олардың халыққа қолжетімділігін қамтамасыз етеді;
- 38) спорт ұйымдарына әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;
- 39) ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;
- 40) ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады.

14. "Риддер қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

15. Мекеменің басшысын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Риддер қаласының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

16. Мекеме басшысының өкілеттіктері:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен мекеме қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен мекеме қызметкерлерін көтермелеуді жүзеге асырады және оларға тәртіптік жаза қолданады;

3) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді, қызметтік құжаттамаға қол қояды;

4) мекеме қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

5) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда тиісті сенімхатсыз мекеменің мүдделерін білдіреді;

6) қала әкімдігінің қаулысымен бекітілген штат саны мен құрылымы лимиті шегінде мекеменің штат кестесін бекітеді;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөнінде қажетті шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапты болады;

8) ерлер мен әйелдердің тәжірибесіне, қабілеттеріне және кәсіптік даярлығына сәйкес мемлекеттік қызметке тең қолжетімділігін қамтамасыз етеді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Мекеме басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

### **3. "Риддер қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі**

17. Риддер қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Мекеменің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

18. Мекемеге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

19. Егер заңнамада және осы Ережеде өзгеше белгіленбесе, мекеме өзіне бекітілген мүлікті және оған қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен сатып

алынған мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқылы емес.

#### **4. "Риддер қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдері дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату**

20. "Риддер қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Риддер қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

"Риддер қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мәдениет сарайы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

"Риддер қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Риддер қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

"Риддер қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Халықтар Достық үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

"Риддер қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Тілдерді оқыту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

"Риддер қаласының Ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Риддер қаласының Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі